

**III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 қарашадағы XL сессияның "Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" N 5 шешіміне өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған LII сессиясының 2007 жылғы 18 шілдедегі N 13 шешімі. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы әділет басқармасында 2007 жылғы 10 тамызда N 8-1-57 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды қалалық мәслихат хатшысының 2011 жылғы 12 мамырдағы N 2-9/224 хатымен)

**Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды қалалық мәслихат хатшысының 2011.05.12 N 2-9/224 хатымен).**

Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңының 11 бабына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 қарашадағы XL сессияның "Кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" N 5 шешіміне келесі өзгертулер енгізілсін (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі тіркелген нөмірі - 8-1-44, "Взгляд на события" газетінде 2006 жылдың 29 қарашасында N 60 (176) жарияланған):

1) 2006 жылғы 1 қарашадағы N 5 шешімге қосымшасындағы 1), 2), 3), 4) тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың өзін-өзі басқару, экономика, жоспар, бюджет, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрайымы Оспанова Қ а д и ш а Б а з а р б а й қ ы з ы).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*III шақырылған қалалық мәслихаттың  
кезекті LII сессиясының төрайымы Е. Сарсембаева  
Қалалық мәслихат хатшысы Қ. Бексұлтанов*